

## ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

### Қызметтерді сатып алу туралы

<қызметтердің атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<Тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қоюға негіз болатын құқық белгілейтін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс берушінің қол қоюшысының лауазымы мен ТАӘ> арқылы бір жағынан және <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің толық атауы> бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қоюға негіз болатын құқық белгілейтін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің қол қоюшысының лауазымы мен ТАӘ> арқылы екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 92 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 17-тармағының 2) тармақшасына және 134-тармағына және баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <қызметтердің атауы> сатып алу қорытындысы туралы <хаттаманың бекітілген күні> хаттамаға сәйкес \_\_\_\_\_ сатып алу туралы осы шартты (бұдан әрі – Шарт) мына төмендегілер жайында жасады.

### 1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші \_\_\_\_\_ сатып алу порталында баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <қызметтердің атауы> (бұдан әрі – Қызмет) сатып алуды өткізу туралы хабарландыруды орналастырды және <ҚҚС сомасын қоспағанда> \_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын (\_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын) сомасына Жеткізушінің баға ұсынысын қабылдады.

1.2. Тапсырыс беруші тапсырады және ақысын төлейді, ал Жеткізуші Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптарда Қызмет көрсетуге міндеттеме алады.

1.3 Сатып алынатын Қызметтің техникалық ерекше нұсқамасы Шартқа 2-қосымшада көзделген.

### 2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС сомасын қосқанда> \_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын (\_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын) (бұдан әрі – Шарттың жалпы сомасы) болады, \_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын (\_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын) мөлшеріндегі Қызмет құнынан <және \_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын (\_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасынан тұрады> (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, Шарттың Жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады). Шарттың

жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баж салықтары мен өзге де төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Қызмет көрсетуге байланысты барлық шығысы кіреді.

2.2. Тапсырыс беруші мынадай тәртіппен Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы Шарт бойынша ақы төлейді:

Жеткізуші төлем шотын (шот-фактураны, Жеткізуші бейрезидент болса, инвойсты) берген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың 14-бөлімінде немесе Шарттың 10.1-тармағында көзделген хабарламада көрсетілген деректемелер бойынша.

Төлем шоты (шот-фактура, Жеткізуші бейрезидент болса, инвойс) Көрсетілген қызметтер актісіне (бұдан әрі – Акті) Тараптардың екеуі де қол қойғаннан кейін беріледі.

Шот-фактураны Жеткізуші Қазақстан Республикасының (бейрезиденттер үшін Жеткізуші елінің) салық заңнамасына сәйкес жазып береді.

2.3. Барлық салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баж салықтарына және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін осы сияқты өзге де төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша \_\_\_\_ (валюта түрі) жүргізеді (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен табыс салығы салынуға тиіс (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші түпкілікті табыс алушы болса және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың жалпы сомасын төлеу кезінде салық салудан босатуды немесе тиісті халықаралық шартта көзделген салықтың төмендетілген мөлшерлемесін дербес қолдануға құқылы (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы көздерден алатын табысына қатысты қолданылады (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Салық салудан босату немесе салықтың төмендетілген мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде халықаралық шартты қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшылары (қатысушылары) мен мажоритарлық акционерлері көрсетіле отырып, құрылтай құжаттарының нотариатта куәландырылған көшірмелерін не сауда тізілімінен (акционерлер тізілімінен немесе бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де осыған ұқсас құжаттан) үзінді-көшірмені ұсынған жағдайда ғана рұқсат етіледі (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі құрылған жағдайда Жеткізушінің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде бейрезиденттің тіркелуін растайтын құжатты ұсыну талабымен Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамай Жеткізушіге табыс сомасын төлейді (осы

тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және Тапсырыс беруші оларды келесі <цифрмен> <(жазумен)> <күнтізбелік/жұмыс (керегін таңдау)> күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып қабылдайды.

2.11. Шарттың жалпы сомасы орындалған Жұмыстар актісінің/Қорытынды актінің, сондай-ақ Тапсырыс беруші, Жеткізуші және авторлық және техникалық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғалар қол қойған, орындалған Жұмыстар мен шығындардың құны туралы анықтамалардың негізінде нақты орындалған Жұмыстардың көлеміне қарай азайтылуы мүмкін.

### **3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

#### **3.1. Тапсырыс беруші:**

- 1) Жеткізуші көрсеткен Қызметті Шарт талаптарына сәйкес Акт негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің жазбаша сұратуы негізінде Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы үшін оған қажет құжаттарды (ақпаратты) және материалдарды ұсынуға;
- 3) Шарт талаптарына сәйкес Қызметке ақы төлеуге міндеттенеді;
- 4) Жеткізуші Қызмет көрсету үшін тартқан қызметкерлерге Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдері бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша кіріспе нұсқама және жұмыс орнында нұсқама жүргізуге;
- 5) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде пара алу (беру), бопсалаушылық, лауазымды тұлғаны параға жығу фактілері және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған басқа құқыққа қарсы іс-әрекеттер анықталған жағдайда, ол туралы Тараптардың басшыларына және уәкілетті органға жазбаша түрде хабарлауға міндеттенеді.

#### **3.2. Тапсырыс беруші:**

- 1) Жеткізушіден Шарт талаптарына сәйкес Қызметтің толық көлемде және мерзімде тиісінше көрсетілуін талап етуге;
- 2) көрсетілетін Қызметтің көрсетілу барысын, сапасын және көлемінің толықтығын бақылауға уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) Қызмет көрсету, көрсетілген Қызметті қабылдау-өткізу барысында кемшіліктер, ескертулер, сәйкессіздіктер, олқылықтар, қателер (бұдан әрі – ақаулар) анықталған жағдайда, анықталған ақаулар туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы Жеткізушіден оларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге не Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тартуды жібере отырып, ішінара немесе толығымен ақы төлеуден бас тартуға және Актіге қол қоймауға.
- 4) Шартта көзделген жағдайларда және тәртіппен кез келген кезеңде біржақты тәртіпте Шартты бұзуға;
- 5) Жеткізушіден Шарттың 3.3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес хабарлама алғаннан кейін жағдайды бағалауға және туындауына Жеткізушінің кінәсі жоқ объективті себептер болған кезде өзінің қалауы бойынша Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;

6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растайтын құжаттарды талап етуге;

7) Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы не Шартта көзделген мерзімде және тәртіппен негіздер бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемеу салдарынан Шарт бұзылса, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармауға (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талап болған кезде) құқылы.

8) Жеткізушіден Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдерінің талаптарын, Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушінің аумағында және ғимаратында, жұмыс учаскелерінде және жұмыс сораңдарында тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын, өрт қауіпсіздігі қағидаларын, еқауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау техникасы, қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап етуге.

9) Қызмет көрсету кезеңінде Жеткізушіден техникалық көмек пен консультациялар тегін алуға құқылы.

### **3.3. Жеткізуші:**

1) Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптарда толық көлемде Қызмет көрсетуге;

2) Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Қызмет көрсету барысы туралы ақпарат ұсынуға;

3) білікті мамандардың Қызмет көрсетуін қамтамасыз етуге;

4) Қызмет көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізу барысында Тапсырыс беруші ақауларды анықтаған жағдайда, Тапсырыс берушіден анықталған ақаулар туралы хабарламаны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өз есебінен жоюға;

5) Жеткізуші ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоя алмаған/жоюдан бас тартқан жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

6) Тапсырыс берушіден алынған жасырын ақпаратты Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан жария етпеуге және құпия сақтауға;

7) Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

8) егер Жеткізуші Шартты орындау кезеңінде кез келген сәтте Шартты уақтылы орындауға кедергі келтіретін жағдайларға тап болса, Жеткізуші дереу Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжамды ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;

9) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен де, ішінара да ешкімге бермеуге (*қажет болғанда*);

10) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

11) мердігердің (бас мердігердің) құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізудің технологиялық процесін айқындайтын ұйымдық-технологиялық құжаттардың талаптарын сақтауын қадағалауды қамтамасыз етуге;

12) құрылыс-монтаж жұмыстарының сапалы орындалуын қамтамасыз етуге;

13) объектіде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптардың сақталуын қадағалауды қамтамасыз етуге;

14) техникалық қадағалау журналын тұрақты және тиісінше жүргізуді жүзеге асыруға;

15) жасырын жұмыстарды куәландыру және жауапты құрылымдарды аралық қабылдау актілерін ресімдеуге және қол қоюға қатысуға;

16) мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органына ай сайынғы негізде объект құрылысының жай-күйі мен барысы туралы есеп беруге;

17) мердігер (бас мердігер) нұсқауды орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, бұл туралы Тапсырыс берушінің назарына белгіленген мерзімдерде жеткізуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шараларды қабылдау үшін мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органының тиісті бөлімшесін хабардар етуге;

18) техникалық қадағалау журналына енгізілген өз нұсқауларының орындалуын бақылауды жүзеге асыруға;

19) Қызмет көрсетубасталғаннан толық көрсетілгенге дейін техникалық қадағалау журналын жүргізуге;

20) техникалық қадағалау журналында жұмыстарды орындау процесінде жол берілген барлық ЖСҚ жобасынан ауытқуларды және мемлекеттік нормативтерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды тіркеуге, қолданылатын құрылыс материалдарына паспорттардың (сертификаттардың) және басқа да техникалық құжаттамалардың сәйкестігін тексеруге;

21) Тапсырыс беруші мен Мердігердің өкілдерімен бірлесіп Мердігерден ақпарат алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қызмет көрсету барысында туындаған ЖСҚ жобасы және Жұмыстар жөніндегі мәселелерді шешуге;

22) авторлық қадағалау өкілдерімен, Тапсырыс берушімен және Мердігермен бірлесіп жасырын жұмыстарды куәландыру актілеріне қол қоюға;

23) ЖСҚ жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар енгізуге (қажет болған жағдайда), сондай-ақ мердігердің және/немесе Тапсырыс берушінің осындай ұсыныстарын қарауға (келісуге);

24) Жұмыстарды орындау аяқталғаннан кейін Мердігерден тиісті хабарлама алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде:

- Тапсырыс берушінің және авторлық қадағалаудың жауапты тұлғаларымен бірлесіп орындалған жұмыстарға атқарушылық техникалық құжаттаманың болуын және жинақталуын тексеру;

- Тапсырыс берушіге толтырылған техникалық қадағалау журналын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы қорытындыны ұсыну;

25) мердігер орындалған жұмыстардың актісін оған қол қою арқылы берген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде мердігер нақты орындаған жұмыстардың көлемін қабылдауға және растауға немесе мердігерге орындалған жұмыстардағы бұзушылықтарды жою туралы жазбаша нұсқаулар беруге;

26) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау басталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын (шетел азаматтары мен шетелдік ұйымдардың өкілдері үшін 25(жиырма бес) жұмыс күні бұрын) мынадай хат ұсынуға:

Қызметтер көрсетуге тартылатын қызметкерлердің тегін, атын, әкесінің атын көрсете отырып, рұқсат берілетін жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, Тапсырыс берушінің аумағына және ғимаратына кіруге рұқсат беру туралы (қажет болған

жағдайда ұсынылады);

атауын, маркасын, түрі мен санын көрсете отырып, жабдықтар мен құрал-саймандарын алып кіру туралы (қажет жағдайда ұсынылады);

Шарт талаптарын орындау барысында оларды пайдалану қажеттігін негіздей отырып, атауын, маркасын, түрі мен санын және оларды пайдаланатын тұлғаларды көрсете отырып, қызметтік: есептеуіш техника құралдарын тасымалды электронды ақпарат тасымалдағыштарын, ұялы телефондарды алып кіру туралы (қажет жағдайда ұсынылады).

маркасы мен мемлекеттік нөмірін көрсете отырып, көлік құралдарын (тіркеу құжаттары бойынша) кіргізу туралы (қажет жағдайда ұсынылады) хат жіберуге.

27) Тапсырыс берушінің аумағына және ғимаратына кірген/шыққан кезде жеке басын куәландыратын құжатты, әкелінетін мүлікке ілеспе құжаттарды өзімен бірге алып жүруге және көрсетуге, келу мақсаты туралы хабарлауға, (кірген/шыққан кезде) тиісті тексеру рәсімдерінен өтуге .

28) Тапсырыс берушінің аумағына (аумағынан) және ғимаратына(ғимаратынан) мына заттарды көлікпен әкелуге (әкетуге), алып кіруге (алыпшығуға), сондай-ақ :атыс қарулары, суық және басқа да қарулар, оқ-дәрілер;

адам организмiне емдiк немесе профилактикалық әсер етудi қолдауға неағзаның органдары мен жүйелерiнiң функцияларын алмастыруға немесе түзетуге арналған медициналық аппараттар мен жабдықтарды қоспағанда, жеке көзбен шолып бақылау құралдарын, бейне -, кино - және фотоаппаратураларды, жазыпалатын құрылғыларды, есептеу техникасын, ақпаратты машиналықтасымалдауыштарды (флеш-карталар, USB-дискiлер және басқалар), ұялы байланыс құралдарын, сондай-ақ оларға керек-жарақтарды, жеке электрондық техниканы, радиотехникалық және басқа да аппаратураларды;

деректердi беру, сондай-ақ халықаралық жаһандық желiлер мен Интернет желiсiне (Wi-Fi, Bluetooth, 3G, 4G, 5G және т.б.) шығу мүмкiндiгi бар техникалыққұрылғылар, оның iшiнде сымсыз құрылғылар;

уландырғыш заттар мен күштi әсер ететiн улы заттар;

бактериологиялық, биологиялық және химиялық заттар;

радиоактивтi заттар;

психотроптық заттар, жарылғыш заттар, жарылғыш құрылғылар, жарылысқаупi бар және тез тұтанатын заттар;

алкогольдiк iшiмдiктер, есiрткi заттары, тез тұтанатын сұйықтықтар(өндрiстiк мақсаттарға қажеттiлердi қоспағанда) пайдалануға тыйым салу туралы режимдiк талаптарды сақтауға.

29) Қызметтер көрсету басталғанға дейiн Қызмет көрсетуге тартылатын қызметкерлердiң Қазақстан Республикасының заңнамасына сай өнеркәсiптiк қауiпсiздiк, өрт қауiпсiздiгi, қауiпсiздiк техникасы және еңбектi қорғау жөнiнде кiрiспе нұсқамадан және жұмыс орындарында нұсқамадан өтуiн қамтамасыз етуге.

30) Қызмет көрсету кезiнде Қазақстан Республикасының еңбек қауiпсiздiгi және еңбектi қорғауды қамтамасыз ету жөнiндегi заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушiнiң аумағында және ғимаратында, жұмыс учаскелерi мен жұмыс орындарында өнеркәсiптiк қауiпсiздiк талаптарының, өрт қауiпсiздiгi, қауiпсiздiк техникасы және еңбектi қорғау қағидаларының, тұтынушылардың электрқұрылғыларын техникалық пайдалану ережелерiнiң сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексi талаптарының сақталуынқамтамасыз етуге.

31) Қызмет көсету басталғанға дейiн алған жасырын ақпаратты Шарттың қолданылу мерзiмiне қарамастан жарияламау туралы мiндеттемеге Жеткiзушi, қосалқы мердiгер қызметкерлерiнiң қол қоюларын қамтамасыз етуге.

32) Қызмет көсету кезiнде және Ақауларды, соның iшiнде кепiлдiк мерзiмi кезеңiнде анықталған ақауларды жою кезiнде автокөлiктi, санитарлық-гигиеналық, экологиялық, өртке қарсы және басқа да халықаралық (қазақстандық) стандарттарға, талаптарға, нормаларға, қағидаларға, Қазақстан Республикасының заңнамасына жауап беретiн автокөлiктi, жаңа,

пайдаланылмаған және тиісті (жоғары) сападағы жабдықтарды, материалдарды, құрылымдарды, тораптар мен тетіктерді пайдалануға. Жабдықтар, автокөлік, сапалы материалдар, құрылымдар, тораптар мен тетіктер берумен байланысты барлық шығысты Жеткізуші өзіне алады.

33) қызметтердің Шартта көзделмеген қосымша түрлері мен көлемдері пайда болған жағдайда, оларды келісу және Шарттың жалпы сомасының шегінде орындау үшін бұл туралы Тапсырыс берушіге жазбаша және уақтылы хабарлауға.

34) Шарт бұзылған жағдайда, Өзара есеп айырысуды салыстырып тексеру актісіне оны Тапсырыс берушіден алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қол қоюға.

35) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудың мүмкін еместігі салдарынан Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда, Тапсырыс берушіге бұл туралы жазбаша хабарлауға, Шарт талаптарына сәйкес шығындарды толық көлемде өтеуге және тұрақсыздық айыбын төлеуге;

36) Қызмет көрсету кезінде Жеткізушінің кінәсінен үшінші тұлғаларға залал келтіру не қателіктер жіберу себебінен олардың Тапсырыс берушіге қоятын талаптары мен шағымдарынан Тапсырыс берушіні қорғауға;

37) білімі мен барлық мүмкіндіктерін толық пайдалана отырып, жұмысты бақылауға және бағыттауға. Жеткізуші Қызмет көрсету құралдарына, әдістеріне, техникасына, кезектілігіне және сапасына, сондай-ақ Шарт бойынша барлық жұмыстардың үйлестірілуіне толық жауапкершілік алады

#### **3.4. Жеткізуші:**

1) Қызмет көрсеткен кезде бірлесіп орындаушыларды тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің бірлесіп орындаушыларға жалпы Қызмет көлемінің үштен екі бөлігінен асатын Қызмет көлемін беруіне рұқсат етілмейді;

2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;

3) Шарт талаптарына сәйкес көрсетілген Қызмет үшін ақы алуға құқылы.

4) Қызмет көрсету кезінде өндірістік қажеттілік жағдайында, мереке, демалыс күндері, сондай-ақ жұмыстан тыс уақытта жұмыс істеуге міндетті.;

5) салынып жатқан объектіге қатысы бар құжаттамамен танысуға;

6) мердігерден (бас мердігерден) бекітілген жобада көзделген жобалық шешімдер мен есептеулердің, сондай-ақ құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізудің технологиялық процесін айқындайтын ұйымдық-технологиялық құжаттардың талаптарының мүлтіксіз сақталуын талап етуге;

7) мердігердің (бас мердігердің) құрылыс барысында жол берілген мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерді бұзушылықтарды, бекітілген жобада көзделген жобалық шешімдерден және (немесе) нұсқауларды белгіленген мерзімдерде орындау үшін құрылыс-монтаж жұмыстарын тоқтата тұру құқығымен, ұйымдық-технологиялық құжаттардың талаптарынан ауытқуларды міндетті түрде жоюы туралы жазбаша нұсқаулар беруге;

8) Жұмыстарда мемлекеттік стандарттар мен ЖСҚ жобасына сәйкес келмейтін құрылымдарды, бөлшектерді, бұйымдарды, құрылыс материалдары мен жабдықтарды қолдануға тыйым салуға;

9) Тапсырыс беруші мен Мердігерді жазбаша нысанда хабардар ете отырып, мемлекеттік нормативтерді қоса алғанда, ЖСҚ және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұза отырып орындалатын Жұмыстарды жүргізуді тоқтату туралы Тапсырыс беруші мен мердігер үшін міндетті нұсқаулар беруге міндетті.

#### **4. ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ**

4.1. Қызметтер көрсету мерзімі - Объектіде электрмен жабдықтау желілерін салу бойынша жұмыстарды орындаудың барлық кезеңі ішінде.

4.2. Қызметтер көрсету орны: қосымша екі кабель желісін тарту орнында және Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша Алматы қ., Райымбек даңғылы, 511 үй.

4.3. Жеткізушінің міндеттемелерді орындауы тапсырыс берушіден жұмыс жүргізудің басталғаны туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап есептеледі.

## **5. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

5.1. Жеткізуші Қызметтерді Шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетеді, ал Тапсырыс беруші қабылдайды.

5.2. Қызметтер толық көлемде көрсетілгеннен кейін Жеткізуші Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілген Қызметтер актісін және құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасы туралы қорытындыны қол қою үшін ұсынады.

Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтердің сапасы мен көлемін және олардың Шарт талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.

Ақаулар болмаған жағдайда, Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге және Қорытынды актіге қол қояды.

Ақаулар болған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушінің мекенжайына анықталған ақаулар туралы жазбаша хабарлама жібереді.

Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өз күшімен және өз есебінен анықталған ақауларды жояды. Ақаулар жойылғаннан кейін Тараптардың уәкілетті тұлғалары актіге және қорытынды актіге қол қояды.

5.3. Қызметті қабылдау-өткізу жұмыс күндері сағат 09.00-ден 17.00-ге дейін Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 511-үй мекенжайы бойынша Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша жүргізіледі.

## **6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауап береді.

6.2. Форс-мажор жағдайларын қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші Шарт шеңберінде өз құқықтарына нұқсан келтірмей, Жеткізушіден өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзімді бұзған жағдайда, кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз), бірақ Шарттың жалпы сомасынан 5 % (бес пайызынан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

2) көрсетілген Қызметтердегі ақауларды жою мерзімін бұзған жағдайда -ақауларды жою күнін қоса алғанда, кешіктірген әрбір күнтізбелік (күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз), бірақ Шарттың жалпы сомасынан 5 % (бес пайызынан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

3) көрсетілген Қызметтердегі ақауларды жою мүмкін болмаған/жоюдан бас тартылған жағдайда, Шарттың жалпы сомасынан 10 % (он пайыз) мөлшерде айыппұл төлейді.

6.3. Тараптың бірі Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, жасырын ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың жалпы сомасынан 10 % (он пайыз) мөлшерде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өзінен алынған жасырын ақпаратты жария ету салдарынан келтірілген залалды Жеткізушінің өтеуін талап етуге құқылы.

6.4. Шарт бойынша ақы төлеу мерзімі бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге кешіктірілген әрбір жұмыс күні үшін ақы төленуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз), бірақ Шарттың жалпы сомасынан 5 % (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасынан 10 % (он пайыз) мөлшерде айыппұл төлейді. Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушіге алдын ала төлем сомасын толық көлемде қайтарады > (алдын ала төлем болған кезде).

6.6. Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші төлемді жүзеге асыру кезінде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың, айыппұлдың) сомасын дербес ұстап қалуға құқылы.

6.7. Тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.8. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.9. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын қайтармайды (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талап болған кезде) > < Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушіге алдын ала төлем сомасын толық көлемде қайтарады (алдын ала төлем болған кезде)>

<Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасынан 10 % (он пайыз) мөлшерде айыппұл төлейді (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талап болмаған кезде) < Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушіге алдын ала төлем сомасын толық көлемде қайтарады (алдын ала төлем болған кезде) >

6.10. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық көлемде ұсынбаған жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің енгізілмеген сомасынан 1 % (бір пайыз) мөлшерде айыппұл төлейді (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талап болған кезде). >

## 7. ЖАСЫРЫНДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарының және ұсынушы Тарап жасырын ретінде белгілеген барлық ақпаратты (оның ішінде Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған ақпаратты) екінші Тарап көрсетілген ақпаратты ұсынатын Тараптың жазбаша рұқсатынсыз, ешқандай үшінші тарапқа:

1) Шартты орындау үшін Жеткізуші тартқан қызметкерге ұсыну жағдайын қоспағанда, жария ете алмайтынын мойындайды. Көрсетілген ақпарат аталған қызметкерге жасырын түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

2) мұндай жария ету заңнамада ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратулары негізінде жүзеге асырылған жағдайды қоспағанда, жария етілмейтінін мойындайды.

7.2. Жеткізуші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда аталған қандай да бір құжаттарды немесе ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбайды.

7.3. Жасырын ақпаратты, оның ішінде Шарт бойынша Қызмет көрсетуге тартылған адамдар (Жеткізушінің қызметкерлері) жария еткен жағдайда Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

## **8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ФОРС-МАЖОР)**

8.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін, егер ол Тараптар алдын ала болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен еңсерілмейтін күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және өзге де табиғи зілзалалар, экологиялық апаттар, әскери іс-қимылдар, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, шектеу шаралары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдердің басталуы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар орын алған кезеңге жылжытылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, басталғаны және тоқтағаны туралы дереу екінші Тарапқа жазбаша түрде хабарлайды, сондай-ақ тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер дәлелдеуді талап етпейді. Осыдан кейін Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша орындалмаған міндеттемелердің сомасын қайтарады, Тараптардың ешқайсысының басқа Тараптан қандай да бір зиянның өтемін талап етуге құқығы болмайды.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды оның қаншалықты қисынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген жағдайларға байланысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

## **9. ШАРТТЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

*(бұл бөлім Шартта Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талап болған кезде қолданылады)*

9.1. Жеткізуші Шарт жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың жалпы сомасынан <цифрмен> % (<жазумен> пайыз) мөлшерде Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін енгізеді:

- 1) Тапсырыс берушінің банктік шотына енгізілетін кепілдік ақшалай жарна;
- 2) банк кепілдігі немесе Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық құжат түріндегі банк кепілдігі;
- 3) электрондық әмиянға орналастырылған ақша.

9.2. Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің уәкілетті адамдары Актіге қол қойған және (немесе) Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші Жеткізушіге енгізілген Шарттың орындалуын

қамтамасыз етуді қайтарады.

9.3. Егер Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы не Шартта көзделген негіздер бойынша, мерзімде және тәртіппен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемеуі салдарынан Шарт бұзылса, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

## **10. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТАЛАПТАРЫ**

10.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды соттан тыс тәртіппен реттеу үшін барлық қажет шараны қолдануға міндетті.

10.2. Егер Тараптар келісімге келмесе, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен қаралады.

10.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда олар Қазақстан Республикасының соттарында қаралатын болады.

## **11. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ**

11.1. Тараптардың орналасқан жері және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда хабарлайды.

11.2. Шарттың 11.1-тармағында көзделген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісіммен ресімделеді және Тараптар оған қол қояды.

11.3. Тапсырыс беруші:

- 1) Қағидалардың 14-тармағына сәйкес Тапсырыс беруші сатып алудан бас тартқан;
- 2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;
- 3) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушының) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;
- 4) егер Жеткізуші банкрот немесе төлем жасауға қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл жағдайда Шарт дереу бұзылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік көтермейді;
- 5) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелер мөлшеріндегі соманы қайтарады және Шарттың 6-бөлімінде айқындалған мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді;
- 6) Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

11.4. Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты бұзудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жібереді, ол аяқталғаннан кейін Шарт бұзылды деп есептеледі.

Хабарламада Шартты бұзудың себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуі тиіс.

## 12. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАПТАРЫ

12.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар ол бойынша міндеттемелерін толығымен орындағанға дейін қолданылады (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талап болмаған кезде) >.

## 13. ШАРТ ТІЛІ

13.1. Шарт заңды күші бірдей төрт данада: екеуі қазақ тілінде және екеуі орыс тілінде жасалды.

## 14. БАСҚА ДА ТАЛАПТАР

14.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) оның ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

14.2. Тараптардың бірі қайта ұйымдастырылған жағдайда Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

## 15. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

### Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>  
<Тапсырыс берушінің орналасқан жерінің заңды мекенжайы >  
<Тапсырыс берушінің орналасқан жерінің нақты мекенжайы>  
<Тапсырыс берушінің ЖСК >  
<банктің атауы>  
<Тапсырыс берушінің БСН>  
<Тапсырыс берушінің БСК>  
<Тапсырыс берушінің БЕК>  
**Тапсырыс берушінің атынан**  
\_\_\_\_\_ <қол қоюшының аты-жөні>  
М.О. (қолы)

### Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>  
<Жеткізушінің орналасқан жерінің заңды мекенжайы>  
<Жеткізушінің орналасқан жерінің нақты мекенжайы>  
<Жеткізушінің ЖСК>  
<банктің атауы>  
<Жеткізушінің БСН>  
<Жеткізушінің БСК>  
<Жеткізушінің БЕК>  
**Жеткізушінің атынан**  
\_\_\_\_\_ <қол қоюшының аты-жөні>  
М.П. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты.

Портал заңуок Национального Банка Республики Казахстан

# ДОГОВОР

<идентификационный номер>

## о закупках услуг

<наименование услуг>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 2) пункта 17 и пунктом 134 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок услуг < наименование услуг> способом запроса ценовых предложений <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

## 1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик на портале закупок \_\_\_\_\_ разместил объявление о проведении закупок услуг <наименование услуг> (далее - Услуги) способом запроса ценовых предложений и принял ценовое предложение Поставщика на сумму \_\_\_\_\_ тенге \_\_\_ тиын (\_\_\_\_\_ тенге \_\_\_ тиын), <без учета суммы НДС>.

1.2. Заказчик поручает и оплачивает, а Поставщик принимает на себя обязательство оказать Услуги в срок и на условиях, предусмотренных Договором и Технической спецификацией.

1.3. Техническая спецификация закупаемой Услуги предусмотрены в приложении 2 к Договору.

